

Эта деструктивная организация, навязывающая культ смерти молодому поколению, появилась в одной из социальных сетей и посредством своей специфичной концепции вызвала достаточно большой интерес у пользователей Интернета, в частности, у молодежи, так как в данном случае именно нестандартность, помимо других причин, упомянутых выше, и послужила активному притоку сторонников. Жажда власти у лидеров подобных объединений приводит к использованию психоделического метода изменения сознания. Лицам, находящимся под моральным давлением, внушают, что их жизнь никчемна, а самоубийство – лучший способ избавиться от проблем себя и окружающих.

Таким образом, исходя из проанализированных источников, мы пришли к выводу, что сектантство является уникальным социальным феноменом. Ограниченность, догматичность и статичность сектантского сознания и мировоззрения говорит об иллюзии свободы, что, в сущности, выступает против главной ценности человека. Главной причиной все более активного потока новых участников нетрадиционных культов послужили общественные перемены, смуты и нестабильность жизни, и это довольно очевидный, но в то же время, интересный факт. В связи с тем, что в рамках таких дисциплин, как философия, социология, религиоведение, исследование практических и теоретических проблем сектантства, на наш взгляд, не сможет исключить необъективность, поэтому оправданным становится создание светской научной дисциплины об изучении сект, которая позволит осуществить целостное исследование данного сложного социально-психологического феномена. Эта научная дисциплина в полной мере разработает социально-философскую идею сектантства, в том числе, в его наиболее опасных формах проявления как криминологического и дестабилизирующего фактора в развитии мирового социума.

Литература:

1. Габов Ю.А. Тоталитарные секты и нетрадиционные культы / Ю.А. Габов, В.Э. Кист, К.М. Казкенов. – Караганда: Гест, 2004. – 344 с.
2. Таевский Д.А. Христианские ереси и секты I-XXI веков. Словарь. – М.: Intrada, 2003. – 320 с.
3. Дворкин А.Л. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. – 3-е изд., перераб. и доп. – Нижний Новгород: Братство во имя св. князя Александра Невского, 2002. – 554 с.
4. Чернышев В.М. Сектоведение. – Киев: Общество любителей православной литературы; Изд-во им. свт. Льва, папы Римского, 2006. – 608 с.
5. Основы религиоведения: учебник для 9 класса / Г. Есим, А.П. Абуов, К.К. Бегалинова, Е.М. Смагулов. – 2-е изд. – Алматы: Білім, 2013. – 320 с.
6. Шлионская И.А. Осторожно: интернет-сектанты ищут новых жертв [Электронный ресурс] / И.А. Шлионская // Правда.Ру: электронная газета. – 2008. – Режим доступа: <http://www.pravda.ru/faith/18-12-2008/296382-incult-0/> (21.02.2017)

Ермаханова М. Ш., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, гр. МКЯЛ-51, магистрант
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Жарылғанов Ж.Ж.*)

НАТУРАЛИЗМ: НАТУРАЛИСТИК РОМАНТИЗМ ЖӘНЕ РОМАНТИКАЛЫҚ НАТУРАЛИЗМ (ӘДІСТЕР «ТОҒЫСУЫ»)

Тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай қазақ әдебиеттануында көптеген мәселелер зерттеле бастады. Дегенмен де, әлі де болса, дамыған елдердің аталмыш ғылым саласымен салыстырғанда, бір көш артта келе жатқанымызды да жоққа шығара алмаймыз. Қазіргі қазақ әдебиеттануының ең өзекті салаларының бірі ол әдебиеттегі ағымдар мен әдістер болып отыр.

Натурализм мәселесі тек әдебиеттің ғана емес, сонымен қатар әдебиеттанудың да мәселесі ретінде қарастырылады. Отандық әдебиеттану саласы көп жылдар бойына қатаң тәртіпті идеология мен саясаттың құрсауында дамыды. Әдебиеттанудың өзекті мәселелерін қарастырудың орнына идеология сәйкестігі жөнінде баға берумен шектеліп келді. Осы

дәстүрден аттамас үшін көп уақыттар бойынанатурализм жайлы теріс пікірлер айтылып келді, ол әдісте жазылған шығармалар қатты сынға ұшырап, әдебиеттің ең төменгі санатына жатқызылды. Ал батыс әдебиетіне келетін болсақ, ондағы натурализм терминологиялық мәселе төңірегінде қарастырылды. Бұл жерде «реализм» мен «натурализм» терминдерінің түсіндіруде қарама-қайшылықтар туындап отырған. Біздің «натурализм» деп атап жүрген әдісімізді батыс әдебиеттанушылары «реализм» деп, ал біздің «реализмді» поэтикалық реализм деп атайды.

Әдебиеттануымызда әлі дұрыс бағасын ала алмай жүрген, көбінесе көркемсіздік пен талғамсыздық ұғымдарымен қатар пайдаланылып келген натурализм тенденциялары, адам образын натуралистік бейнелеу құралдары арқылы жасау ұлттық прозамызға жат болған жоқ. Адам тұлғасына биологиялық тұрғыдан үнілу, тұрмыстық детальдарға аса үлкен мән беру, ол детальдардың аллегориялық астарын пайдалану, тілдің түсініктілігі мен шынайылығын қатаң қадағалау, сол арқылы шығарманың публицистикалық мазмұнын арттыруда пайдаланылғанын аңдауға болады. Демек, қазақ прозасындағы реализмнің жетілу жолында натурализмнің орнын мүлде жоққа шығаруға болмайды, қайта реалистік прозаға барар жолдағы сан қилы ізденістердің бірі деп таныған абзал. Натурализм прозамыздағы очерк жанрының пайда болуына ықпал жасады. Сондықтан натурализмді терең зерттеп, оның сан түрлі құбылыстарының байыбына барғанымыз абзал [1; 311-312].

Натурализм 19-20 ғасырдағы әдебиет стилінің ең ерекшесі. Ол алғаш рет өз бастауын 1860 жылы Франция елінен бастады. «Француз» тілінің сөздігінде антикалық тұрғыда қарастыруды жөн санаған.

Натурализмнің мәдени мәні 20-ғасырдың соңында дворяндық-империялық, урбандық, ғылыми-техникалық бастаулардың ашылуына зор мүмкіндік жасады. Кең мағынасында натурализмді алып қарайтын болсақ, ол биологизм ретінде сипатталады. Ол дедуктивті және индуктивті түрде эволюцияның жоғарғы өкілдерін көрсете білді. Натурализмді кейбіреулер элеуметтік философияда қараса, енді біреулері материалистік жағынан саралады. Алайда біз әдеби шығармаларды талдай отырып, ондағы автордың жай-күйімен сипатталатынына көзіміз жетті.

Литературалық эстетиканың қалыптасуы натурализмде 19-ғасырда басталса, әдеби-критикалық импульс одан ертеректе М.Арнолд, У. Морисс, В.В. Стасов, т.б. публицистикалық еңбектерінде көрініс тапты. Оларды «халықтық» әдебиеттің ерекшеліктері мен даму жолдары елең еткізбей қоймады.

Поэзияға жүгінетін көп натуралистер орыс әдебиетіне тән Ф.М. Достоевский, В.С.Соловьев шығармаларынан іздеді.

Натуралистік мектеп ұғымы орыс әдебиетінде Н.В. Гоголь шығармасын талдау арқылы 19-ғасырдың 40-50-жылдары бастау алды. Яғни Н.В. Гоголь шығармашылығымен тікелей байланыста деуімізге толық негіз бар. Натуралистік мектеп Н.А. Некрасов, И.С.Тургенов, Ф.М. Достоевский, А.И.Герцен, Д.В.Григорович, т.б. шығармаларынан бастау алды. Натуралистік мектептің басты тұлғасы В.Г. Белинский болды. Оның шығармашылық принциптерінің негізінде В.Н.Майков, А.Н.Плещеевтер қосылып, натуралистік мектепті қолдаушылар «Отечественные записки», кейіннен «Современник» журанлының астына тоғысты.

Натурализмдік дүниетанымның классикалық формасының негізінде физиолог Клод Бернар еңбектеріндегі француздық позитивизм мен Ч. Дарвин жаңалықтары, О. Кант философиясы, сол кездегі діни сананың күйреуі мен қоғамның жоғарғы қарқынмен дамуы жатыр. Таза натуралисті бағытта жазылған роман әдебиетте XIX ғасырдың соңында пайда болды. Бұл кезге дейінгі шығармаларда натурализм реализмнің көрінісі ретінде беріліп келді. Поль Боннетьенің «Карло көңіл көтереді» (1883) романында басты кейіпкер Карло тұқым қуалайтын сырқатқа душар болады. Рами мен Миль де Клосберри сынды кейіпкерлер Карлоға көмектеспекші болады және олардың бұл ниеттерін болдырмауға тырысқан басқа да кейіпкерлер суреттеледі. Романда Карлоның көзімен сол кездегі Париж кедейлерінің тұрмысы, оның ең төменгі сатысын көре аламыз. Өз анасының сырқаты туралы біліп, өз

тағдырының күйініш себебін түсінген басты қаһарман шығарма соңында өз болмысын құртуға айналған зұлымдықты жеңуге тырысады.

Заман талабына сай позитивтік ғылым ықпалында натуралистер өнерді ғылымға бағындыруға тырысты. XIX ғасырда натурализмнің басты теоритигі Э. Золяның пікірінше, роман ғылыми тәжірибе іспетті болуы керек. Натуралист- жазушы үшін өлі табиғат, тірі табиғат және адамзат әлемінің бір-бірінен нақты айырмашылығы болмауға тиіс деген бағыт ұстанды.

Натуралистік образды таза күйінде бөліп алу мүмкін емес, себебі ол басқа құрылымдар – романтизм, реализмнің бір элементі есебінде келіп, олардың сыртқы «қабығы» тәрізді болады. Бұны әдебиетте «тоғысулар» деп атайды. Аталмыш үрдіс қалай жүзеге асады? Ендігі кезекте сол туралы сөз қозғасак.

Әдебиеттің даму кезеңдерінде ішінара көрініс берген натурализм түрлі шығармашылық жүйелермен қатар беріліп жүрді. Бұл үрдістің жүру барысы көптеген зерттеушілерді қызықтырып жүр, дегенмен де тек соңғы жылдарда ғана бұл мәселені тереңірек және жаңа әдебиеттің негізінде зерттеу туралы пікірлер айтыла бастады.

Түрлі әдеби жүйелердің тоғысуы ұзақ уақыттар бойы салыстырмалы әдебиеттануда қарастырылмай келді, оған себеп бұл сала тек интернационалды әдеби байланысты ғана өзінің зерттеу объектісіне айналдырды.

Әдебиетте XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайда болған натурализм кейінірек дамуына байланысты өзінің әдістік сипатын жоғалтып, реалистік әдебиетте стильдік тұғырнамада көрінеді. Өз кезегінде, XIX ғасырдың басында нақты тарихи әдіс ретінде дамыған романтизм натурализм құрамында стильдік тұрғыдан көрініс табады. Осылайша деңгейаралық тоғысу пайда болады. Тіпті, «классикалық» романтизмде де натуралистік стилистиканың сипаттары кездеседі.

В.М. ЖЖирмунский атап көрсеткендей салыстырмалы әдебиеттің ең негізгі проблематикасы тоғысу феноменін түсіндіру болып табылады. Натуралистік тенденциялардың басқа әдеби жүйеге кірігуін сөз еткенде, осы тенденциялардың қызметін (функциясын) анықтап алғанымыз жөн.

Натуралистік образдылық романтизммен қатар одан өрбитін басқа да бағыттарға – символизмге, декаданс әдебиетіне, модернизмге тән.

Натурализм элементтерінің романтизмдегі әдеби қызметтері сан қырлы. Мысалға, романтизмде натурализм әдісі буржуалық сананың «өлі» халін, өзімшілдігі мен дүниеқоңыздық көзқарасын сипаттауда қолданылады. Натуралистік ойлаудың элементтеріне романтик-жазушы шығармашылық пен эстетиканың күрделі бір мәселесі – рационалды мен түйсіктік сананың, ғылыми және эстетикалық танымның арақатынасын беру барысында жүгінеді.

Натуралистік элементтер романтизмнің басты тақырыптарының бірі өлім тақырыбында, онымен байланысты күйреу, құлдырау сынды тақырыптарда көрініс береді. Романтизм бұл тақырыптарда жалпылама символизмдік сипаттама берсе, натуралистік бояу оны басқа қырынан көрсетеді, аражігін ашып, анықтап, тәпшіштеп береді.

Натуралистік образдылықтың романтизмдегі ерекше формасы – гротеск. Романтикалық шығармада берілетін қиын өткелдер, ситуациялар натуралистік «қабық» әсерінен күлкілі, көңілді көрініс ретінде сипатталады.

Натурализм көркем шығарманың дәлме-дәл берілуін талап етеді. Көркем шығармадағы табиғилық пен реализмді ерекше көрсетуге тырысады.

Филология-гуманитарлық тұрғыда Морсон және Эмерсон пікірі бойынша баяндайтын болсақ, натурализм эвристикалық принципке жүгінеді.

Өлім мен күйреу тақырыбы романтикалық әдебиетте гротеск түрінде емес, сонымен бірге салмақты, патетикалық түрде көрінуі мүмкін. Өлім тақырыбын қозғау барысында романтик-жазушы шығармасынан пессимистік дүниетанымнан гөрі трагедиялық сипатта болса да, өлімді «идеалдық» әлемге бастаушы сатының бірі есебінде қабылдаған көзқарасты аңғара аламыз.

Трагедиялық бастауды натуралистік тәсіл арқылы беруді В. Одоевскийдің «Бал» атты новелласынан көре аламыз. Майдан алаңынан оралған басты кейіпкер адамдар жүрегінде «махаббат пен жарасымдық» оятуға тырысады. Оқиғаның натуралистік айқындылығы қаһарман қалауының мотивін анық сипаттаса, өлімнің жирендіретін суреттеуімен қатар келуі жаңа әдеби әсер береді: бұл суреттеу баз кешуге емес, керісінше өмірге деген құштарлыққа қызмет етеді.

Денгейаралық тоғысу үрдісін кейінгі романтизмнен көре аламыз, натурализм элементтерінің мөлшері кеңейе түсіп, ендігі кезекте екінші санатты қызмет емес, маңызды рөл атқара бастағанын байқаймыз.

Символ редукциясы, символикалық образдың өзіне тән көпмағыналығын жоғалтуы, - натуралистік тенденцияның романтикалық дәстүрде кең етек жая бастағанының белгісі.

Натуралистер адамды «биологиялық қатынас бірлігі» ретінде қарастыру басым орын алған. Образ табиғи түрінде беріледі. Натурализм әдіс пен натуралистік жүйе бірдей емес. Натуралистік стильдік тенденциялар әдебиетте XIX ғасырға дейін көрініс берген, эстетикалық талаптың күйзелісі кезіне сәйкес келген натурализм сол кездегі «басты» әдеби жүйелердің стильдік тәсілі ретінде ғана қолданылып келді. XIX ғасырдың соңында дүниетанымдық көзқарасқа ие болған натурализм әдіске айналып, өз кезегінде оған да басқа әдеби жүйелер, оның ішінде романтизм ықпал ете бастады. Осының нәтижесінде *романтикалық натурализм* бағыты пайда болды. Бұл уақытқа шейін натуралистік әдістің романтизмде көрініс беруі туралы сөз болса, енді керісінше, романтизмнің натурализмдегі көріністері туралы сөз болады.

Романтикалық натурализм мәселесінің қойылуының өзі себептеріне қатысты күмән туғызады. Оның бір себебі- біздің санамызда жоғарғы рухани санат болып есептелінетін романтизм мен қарабайыр болып саналатын натурализмнің тоғысуының мүмкін еместігі. Зерттеушілер әдебиетте өздерінің «ғылыми» әдісін дәлелдеу мақсатында, романтизмнің негізінде жататын субъективтілік көзқарасты мойындамады, шығармада мейлінші объективтілік болуға тиіс деп таныдады, және натуралистік әдіс беретін өмірдің сөз етілген бөлшегін сол шынайы күйінде, автордың ешқандай сезім-пікірінсіз беру дұрыс деген ұстанымда болды.

Романтикалық натурализмді зерттеу ғалымдар Золя мен Норрис романдарындағы және XIX ғасырдағы романтизм поэтикасы стилистикасындағы ортақ ұқсастықтарға мән бергенінен бастау алады. Р.М. Самарин натуралистік классиктердің шығармаларындағы «романтикалықтық» туралы жазды. Бірақ бұл анықтама метафоралық сипатта болды, Золя мен Норрис шығармаларындағы романтикалық және натуралистік тенденциялардың арақатынас механизмін түсіндіріп бере алмады. Романтикалық натурализм сынды күрделі құбылыс жай ғана натуралистік және романтизмдік тенденциялардың қосындысы ретінде берілмейтіні анық.

Романтизм мен натурализмнің генетикалық байланысы туралы мәселе батыс зерттеушілерімен қарастырыла бастады. «Практикалық сынның» классиктерінің бірі Р. Уильямс натурализмді романтизмнің «занды» мұрагері» деп атап, ол өз ата-аналарынан жиі «бас тартады», дегенмен де олардың мұрасынан асып кете алмайды деп түсіндіреді. Көптеген батыстық зерттеу еңбектерінде, теориялық тұрғыдан негіздемесе де, натурализмді «романтизмнің төменгі формасы» деп көрсетті.

Романтизм мен натурализмнің арақатынас динамикасын бір ұлттың әдебиеті шегінде қарастырған еңбектер де кездеседі. Ч. Уолкаттың пікірінше, романтизмнің натурализмдер көрініс беруі, әсіресе, америкалық әдебиетте тән, оның себебі XIX ғасырға созылған Рух пен Табиғаттың бірлігін дәріптеген трансцендентализм идеясының ықпалы деп көрсетеді. Түйсік (романтизм) мен ғылыми әдіс (натурализм) аталмыш бірліктің танымдық белгісі ретінде беріледі. Ғалым мәселенің гносеологиялық аспектісімен ғана шектеліп қалмай, мәтіндік материал негізінде романтизм мен натурализмнің америкалық әдебиетте тоғысуын Золя және Норрис еңбектерімен салыстыра отырып, зерттейді. «Натуралистік романда тақырып өзгеше болса, стиль мейлінше объективті және ұстамды болады, егер де тақырып

қарапайым болса, стиль романтикалық сипатта болады»,- деп тұжырымдайды Уолкатт. Басқаша айтқанда, натуралистік романдағы романтикалық бастау натурализмге тән фактографизмнің жұмсартылған түрі ретінде беріледі [2; 11-25].

Сонымен, батыстық әдебиеттанушылар динамика мәселесін тақырып пен стил, объект пен оның натуралистік романда берілу тәсілінің бірлігі деп қарастырады, натуралист-жазушы романтикалық стильдік үлгілерге жүгінуі әрекетті толық беруге ұмтылысының нәтижесі ретінде түсіндіреді.

Натуралистік бастау романтизмде стильдік қолданыс формасында көрініс береді, бірақ образ құрылымы санатына кірмейді. Кейінгі романтизм әдебиетінде романтикалық «қосәлемділік» үрдісі туындай бастағанда бұл деңгейге көтеріледі. Мінсіз бастау «тонусыны» төмендеуі прерафаэлиттер, декаданс әдебиетінде натуралистік тенденциялардың нығаюына алып келеді де, «натуралистік романтизмді» тудырады.

XIX ғасырдың соңында туған шығармаларда бұл үрдіс тәмамдалады. Романтизм поэтикасында натуралистік бастау біртіндеп басқы рөлге шығады да, реалистік роман үлгісімен, шынайылықтық объективті анализі ұстанымдарына қаныққан жаңа әдіс ретінде дамиды. Осы негізде натурализм мен романтизмнің жаңа синтезі « романтикалық натурализм» туындайды [3; 13-16].

Романтизм мен натурализмнің арақатынасын зерттеу бізге қазақ прозасындағы әдістер тоғысын жөнінен жақсырақ мәлімет береді. Ұлттық әдебиеттегі реализм, натуралистік реализм, романтикалық натурализм мен натуралистік романтизм тенденциялары әлі де болса көптеген зерттеулер мен еңбектерді, тұжырымдарды қажет етеді. Модернизмнен өтіп, постмодернизмге аяқ басқан сәтте, осыған дейінгі шығармаларда кездесетін, модернизмнің «өзегі» болып табылатын ағымдар мен әдістерді зерттеу қазіргі заманауи әдебиетке тереңірек үніле алуымызға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер:

1. Ж.Ж.Жарылғапов. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: Глассиар, 2009. – 400 б.
2. В. А. Миловидов. Натурализм: метод, поэтика, стиль. – Тверь, 1993. –71б.
3. Е. Волков. Немецкий натурализм (Роман. Повест.Новелла). – Иваново, 1980. – 94 б.

Жармұханова М.С., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Шет тілдер факультеті, ҚҚФ-41 тобы, студент
(Ғылыми жетекші — аға оқытушы Ибраева А.С.)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ЕСІМДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫН ТҮСІНУ

Ұрпаққа жарасымды есім беру – ежелден келе жатқан, ізі суымаған жалпы халықтық игі дәстүр. Есімдер де халық тіліндегі сөздер сияқты өмір сүріп, ескіріп әрі жаңарып отырады. Олар да ғасырлар үнін қарт шежіре сияқты келешек ұрпаққа жеткізіп отырады.

Қазіргі кезде жалқы есімдердің жиынтық атауы ретінде ономастика ғылымы берік қалыптасып, термин ретінде кеңінен орын алды. Ономастика тіл білімінің негізгі салаларынан саналады да, жалқы есімдердің жиынтық атауы болып есептеледі. Ономастиканың негізгі бөлімдері: топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика.

Қазіргі кезде тіл білімінің қарқындап дамуымен байланысты ономастика ғылым ретінде қалыптасып, оны зерттеу аясы кеңейіп отыр.

Қазақ тіліндегі кісі аттарының тарихын зерттеуді тұңғыш рет ұсынған академик І. Кеңесбаев.

Ономастиканың бір саласы антропонимика ішінара фамилия, әке аты, лақап ат, бүркеншік аттар боп бөлініп, бір тілге тән антропонимикалық жүйеге жатады.